

Түркі мәдениеті мен философиясының Қазақстандағы зерттелу деңгейі
(А.Х. Қасымжанов шығармашылығы негізінде)

Қазақ халқының тұтастығын, оның күретамыры болып табылатын ұлттық ойларды философиялық деңгейге көтеруде, рухани дүниеміз тегісінен ұлттық сипатта болуы тиіс, оның тұтастығын бұзып алмауды әрқауытта ойлауымыз керек. Бұл жөнінде А.Х. Қасымжанов өте маңызды пікір айтқан: «Жалпы алғанда, бір халықтың өмір сүру салтын, заңдылықтарын екінші бір халыққа телу деген өте бір ауыр, қиын құбылыс. Айталық, тірі ағзаға екінші бір ағзадан бір мүшені ауыстырып салу барлық жағдайда дұрыс нәтиже бермейді, себебі оны ағза жатсынады, ауырсынады, қабылдай алмайды, тіпті өліп кетуі мүмкін. Көнеден келе жатқан мынадай бір сөз бар: «Өзіңе жат әдет-ғұрыптарды қалай болса, солай қабылдай беруге болмайды». Ұлы тарихшы Геродот сақтардың өзге елдің әдет-ғұрып, салт-дәсүрлерін қабылдауға қарсы болғанын атап көрсетеді. Түрік бабамыз Тоныкөк те өзі қытай білімін ала тұра: өзге халықтардың құндылығын қабылдауға болады, бірақ ол үшін өз әдет-ғұрпыңды сақтай отырып, өзге елдің жеріне түсіп кетуден аулақ болу керек». Қысқаша айтқанда, халықтың тұтастығына негіз болатын ұлттық болмыс, сол белгілі бір ұлттың мүшесі адамның ойлау жүйесі тегінен нәр алу керек. «Тегіңе тартсаң тозбайсың» деп қазақ бекер айтпаса керек. Тектілік – тұтастықтың үлкен белгісі. Оның өзегі – сабақтастық, ұрпақ арасындағы рухани байланыс. Рухани байланыс пен сабақтастық үзілген кезде ұлттық тұтастықтың қуаты кетіп, сыртқы күштерге қарсы тұра алмайды. Өзіңнің ата-бабаңның салып кеткен сара жолымен жүріп, олардың қалдырған рухани байлығының иесімін деп, оны келер ұрпаққа жеткізу – естілік пен тектіліктің белгісі. Тектілік бар жерде ғана иегерлік бар. Қазіргі кездегі басты мақсат – осы тұтастықты жүзеге асыру арқылы болашақты айқындау [1].

Күрделі де құпиясы көп тіршілікте адам қажетті адамгершілік қасиеттерді, бар ақыл өсиетті адамдық белгілерді халықтың аңыз-эпсаналарынан, жырлары мен көсемсөздерінен алады. Бұл дүниелермен сусындамай өскен бала қазақта кемдекем. Мұндай тәрбие адамды рухани байытып, өз ұлтының рухын сіңіріп, рухани мұраларды ардақ тұтуға жетелейді.

Профессор Т.Х. Ғабитов А.Х. Қасымжановтың қазақ рухани мәдениетін зерттеудегі мынадай кемшіліктерге назар аударатындығын атап өтеді: «Этникалық рухани мәдениеттің нақтылы көріністерін формация, тарих, әрекет сияқты тым жалпылама категориялармен білдіру. Қазақ мәдениеті тарихына кемсіте қарау, оның қисындылығын бекерге шығару. Мәдениет тарихын қазіргі уақыт талаптарына сай «қайта жазу», билеуші топ мүдделерімен сәйкестендіру» [2, 21 б.].

Ғалым Ақселеу Сейдімбектің ойынша: «Сөз жоқ, қазақ халқының ғасырлар қойнауынан бастау алатын тек тамыры, мәдени-рухани болмысы жалпы адамзаттық тарих пен жалпы адамзаттық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады» [3].

«Қазақ мәдениеті қайта жаңғыруы үшін мәдени мұраны сақтау және қалпына келтіру қажет, оның ішіне философиялық мұралар да кіреді» [4, 105 б.].

«Соңғы уақыттың бедерінде өз ұлттық құндылықтарымызды құптау мен оны игеруге деген белсеніс артып келе жатқанын да айтуымыз керек. Осы тұрғыдан

алғанда әрбір ұлт өзінде бар қасиетті жалпы адамзат игілігіне айналдыруы қажет» [4, 189 б.].

«Ұлттық ойлауды зерделеу үшін негізгі сүйенетініміз – халықтың мәдениеті, рухани мұрасы, өмір сүру тәсілі, діни нанымы, дүние туралы халықтың ұлттық бейнесі және т.б. жатады. Қазақтың ұлттық философиясы тек философия үшін қажет емес, ол ұлттың өзін-өзі тануы үшін аса қажет» [4, 197 б.].

Профессор А.Х. Қасымжанов қазіргі дүниежүзілік даму барысында ұлттық мәдениеттердің ерекшеліктері жоғалып, олар экзотикалық, уақыты өткен дүниелер ретінде «өгейсіп», «қысқарып», барлық халықтарға, олардың тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына, қоршаған ортасына сай келетін, әлдебір «баршылық-техникалық» мәдениетке бет алу бой көрсететіндігін айта келіп, рухани байлық әр халықты озық сақтап қалатын және өмір сүру құқын дәлелдейтін қайнар бұлақ. Тарихта халықтың рухани негізі түрлі қиындықтарға кездеседі, алайда, рух бар жерде халық та болатындығын А.Х. Қасымжанов атап өтеді. «Рухани байлық дегеніміз – саналы да, санадан тыс, сезім мен ақыл біріктіретін халық тұрмысының әдептілік тетігі» [5, 4 б.].

А.Х. Қасымжанов редакторлығымен жарық көрген «Қазақ» жинағында, «Рухани тамырлар» атты мақаласында өзі өмір сүрген уақытта Қазақстанның мәдени зерттеу ғылымының арсеналында ХІХ ғасыр ағартушыларының мұраларынан басқа ешқандай нақты деректердің жоқ екендігін атап өткісі келеді. Осы салаға қатысты Фараби, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Яссауи еңбектерін зерттеп, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев, Ж. Аймауытовтардың ақталуына байланысты соңғы жетістіктермен қазақтардың ерте заманнан осы күнге дейінгі рухани тарихын толық қалпына келтірудің қажеттігі туындағанын да айтып өтеді. А.Х. Қасымжановтың баса назар аударған тағы да бір мәселесі – қазіргі болмыстың тарихи негіздерін ұғыну, бүгінгі өзімізді өзіміз ел есебінде сезіну жағдайында, өткен мен болашақ, ата-баба мен ұрпақтар алдында жауапкершілікті ұғыну болып табылатындығын көрсете білуі. Бұл мәселеде бұрын қаралмаған, зерттелмеген еңбектер мен материалдарды жинақтау, өңдеу және түсіну үшін зор, тиянақты зерттеу жұмыстарының қажеттілігі де айтылып өткен [5, 4 б.]. Кеңестік кезең қазақ ұлттық санасына момақандық, өзін қор санаушылық, жалтақтық сияқты әдеттерді әбден сіңірді емес пе? Ұлттық тіл, ұлттық діл жойылу қаупіне дейін жетті. «Қазақтардың рухын қорқыныш сілкіп, оны түгелімен шайқалтып жіберген азамат соғысы, одан соң ұжымдастыру, репрессия тағы да басқа «мероприятиялар» болды. Ой, сезім-сананың үнгірлері осындай аштықтан, репрессиялардан, жаппай орыстандырудан, «Политбюро тапсырды» деген бұйрықтардан, алфавитті қайта-қайта ауыстырудан тұрды. Осындай қорқыту арқылы жаңа таптық партиялық сезімді, «жарық келешек» жөніндегі арманды оңай ұқтыруға жағдай туды. Оған көнбегендердің тағдыры белгілі болды» [5, 87 б.]. Осындай ауыр кезеңде қазақтың рухы сақталып қалуы үшін жазушылар көркем шығармалары арқылы күресті. Дегенмен де, нәтижесінде қазақ болып ұйысып, қазақ ұлтының ғұмыр кешуінің өміршеңдігін тарихтың өзі дәлелдеп, өзгеге сіңіп, жойылып кетуден аман алып қалды. Қазақ елі қайтадан туын желбіретіп, өз шаңырағын көтерді. Әрине рухани уланудан айығу үшін оразан еңбек, қайратты күрес керек, әсте де қалай болғанда да ұлт болашағына ұлы сеніммен қараудың өзі қазақ үшін тарихи асқақтау екендігі белгілі. Тәуелсіздігімізді баянды, елдігімізді мәңгілік ету мақсатында әртүрлі дәрежеде әрекеттер жасалып жатыр. Материалдық және рухани факторлардың арқасында әлемдік қауымдастықтың белді мүшесіне айналу дамыз. Жастайынан ұлт

өсиетін ұлағат тұтып, оның әрбір тарихи іздеріне зер салып, өткенін өлшеп, келешекке аманат етіп жүрген азамат профессор А.Х. Қасымжановтың «Қазақ халқының рухани мұрасы» атты еңбегі – қазақ халқының рухани мұрасын зерттеген алғашқы еңбектердің бірі. Аталған еңбек «өткеннің рухани мұраларын меңгерудің қазіргі жағдайы», «рухани мұра бізге не үшін қажет?», «бізге әлі не істеу керек?» деген сауалдар төңірегінде жауап іздеген кіріспеден, «Мифологияның бүкіл ойлау формаларының тарихындағы орны. Қазақ, түрік шаманизміндегі зороастризмнің негізі» атты бірінші, «Мұсылман Ренессансы және оны қазақ ата-бабаларының қабылдауы» атты екінші, «Қазақтың жаңару дәуірі» атты үшінші және «Руханилық сабақтары» атты төртінші тараудан тұрады. «Әлемдік өркениет бүкіл ұлт мәдениетінің дамуына, халық тіршілігіне, өмір сүруіне әсер етеді – дей келіп, – өркениет өрістеген әлемде «халықтың өмір сүруге құқығы мен тіршілігіне негіз болған рухани құндылықтарымызды ардақтай білейік» [6, 4 б.], – деп басталған кіріспеден қазақ халқының рухани мұраларының XIX ғасырдан бергі тарихы әңгіме болып келгендігіне тоқталады. Оған себеп – орыс отаршылдығының, орыс саясатының қысымы. Олар бізді ұлт ретіндегі руханилығымызды ұмыттырмақ болып тұншықтырып, тіпті тарихқа үніліп бой көтерген Бекмахановтай ұлылардың өмірін үзгенін мысалға алады. Сондықтан автор аталған еңбекте қазақ халқының әлемдік мәдениетте өзіндік орнын, өзіндік рухани қазынасын, ондағы бар принциптерін дәлелдеу үшін қазақ мифологиясына, мұсылман ренессансына және қазақтың рухани әлемінде алтын ғасыр аталатын XIX ғасыр руханилығы туралы сипаттама беретінін осы кіріспеден белгілейді.

Профессор А.Х. Қасымжанов айтып өткен тағы бір мәселе – жеке адамдардың мәнін барынша төмендетуге үйреніп қалсақ та, рухани өмір, ой мен қиял туралы айтқанда, нағыз ұлы тұлғалардың болатындығы сөзсіз екендігі [6, 5 б.].

А.Х. Қасымжановтың пайымдауынша, Мұсылман ренессансында ислам өркениеттік рөл атқарған, себебі басқа елдер мәдениетінің әлеміне ғылым тілі араб тілі ретінде дүниежүзілік тіл болып келуі тарихи шындық. Грек және мұсылман өркениетінде талдау жасалатын кейбір мәселелер, Фарабидің пікірі бойынша, шешімін таппағандар одан бұрынғы әдепте көтерілгендігі баяндалатындығына назар аударылады. Адаб термині «әдет», «мәнер», «іс-әрекеттің мақтаулы жағы» және ата-бабадан мұра болып келе жатқан тәрбие, туған әдебиеттегі өз-өзін жоғары бағалайтын қоғам деген түсінікті береді. А.Х. Қасымжанов зерттеулерінде, ең үлкен адабист – IX ғасырда өмір сүрген Джахиз екендігі айтылып өтеді. Адабқа енетін шығармалар өзінің тартымдылығымен, қарапайымдылығымен, өлеңдерімен, ғалымдардың күрделі түсініксіз тілмен жазылған шығармаларынан ерекшеледі. Адаб жоғары деңгейлі парсы әдебиетін және нағыз араб әдебиетін қалыптастыратын әдіс ретінде дүниеге келді.

А.Х. Қасымжанов зерттеуінде адабтың мәдени жолы Фараби шығармашылығына да әсер етпей қоймағандығы айтылады. Джахиздің «Араб энциклопедиялық бағдарламасы» Әбу Насырға біршама ықпал етті. Мысалы, Фарабидің ғылымдар жіктеуін жасаудағы әсерін айтуға болады деп түйеді [6, 25 б.].

«Қазақ халқының рухани мұрасы» деп аталатын бұл еңбектің екінші бөлімінде Шығыс Ренессансының көптеген елдерді қамтыған және 500 жылдан артық өркендеген типі мұсылмандық ренессансы, оның Әл-Фараби, А. Яссауи, Ж. Баласағұн, М. Қашқарилердің рухани мұраларын талдап баяндайды. Жалпы, дүниежүзіндегі Ренессанс Италия жерінен басталғандығы белгілі. Ал бұл жерде не

үшін «Мұсылман Ренессансы» деп аталды деген сұрақ туады. Бұл сауал қойылуының белгілі негізі бар, яғни ислам дінінің таралуы, Құран тілінің басты жалпы мәдени және ғылыми тілге айналуымен тығыз байланысты болғандығы да зерттеуші А.Х. Қасымжанов назарына іліккен [6, 8-16 бб.].

Профессор А.Х. Қасымжанов жалпы араб басқыншылары Орта Азия мен Қазақстанның көп жерлерін VII-IX ғасырларда жаулап алып, жергілікті халықтың сан ғасырлық тарихы бар рухани қазынасын – тілін, жазуын, мәдениетін, әдебиетін, наным-сенімін, әдет-ғұрпын мүлдем жойып, ислам дінін енгізіп, араб тілін міндетті мемлекеттік тілге айналдырғандығын атап өтеді. Мұсылман Ренессансына ислам және Құран тілі болып табылатын араб тілінен өзге де факторлар әсерін тигізді. Басты факторларының бірі – түрлі мәдениеттердің, дәстүрлердің бір-бірімен тығыз араласып, байланысуы. Осы байланыстардың нәтижесінде араб мәдениетіне көп өзгерістер енді. Оның ең бастысы – парсы мәдениеті. Мұсылман Ренессансының басты өкілдері тек арабтардан ғана емес, түрлі, яғни ислам дінін қабылдаған елдердің қатарынан шықты. Мұсылман мен Еуропа Ренессансы бастауын антика дәуірінен алады. VI ғасырда Шығысқа антикалық идеяның толқыны Ескендір Зұлқарнайын жорықтарынан басталады. Ал, Мұсылман Ренессансына дейін антикалық мұраларды жалғастырушы «Ескендір мектебі» болды. Бұл мектеп халифат құрылғаннан кейін құлдырады. Профессор А.Х. Қасымжановтың пайымдауынша, бұрынғы антикалық философия, медицина, ғылымды дамытуда Сирия христиандарының рөлі күшті болды. Сирия христиандары, яғни несториандар дегеніміз христиан шіркеуі құлағаннан кейін Византиядан қуылғандар. Олар араб халифатына қосылмас бұрын өздеріне тәжірибе жинап, гректердің философия, логика, астрономия туралы жазған еңбектерімен танысқан. Грек, Рим және Еуропа Қайта Өрлеу Дәуіріне дейін, Аристотельдің теологиялық еңбектеріне сүйенген. Батыс пен Шығыс ренессансына сұлулықты әспеттеу тән. Бірақ, айырмашылық та жоқ емес, Еуропа өзіне классикалық дүниетанымның ежелгі дәуіріне назар сала отырып, антика дәуірінен өз керегін ғана алды, бірақ өнерінен алыстады. Ал Шығыс антика дәуірінен тек ғылымды ғана қабылдады, бұған жағрафиялық қашықтық та әсер етті. «Қазақ халқының рухани мұрасы» атты еңбектің авторлары ренессанс туралы ойларын «біз ренессанс дүниесінің бай өнері арқылы әлемді тани отырып, оның тағы бір қырын байқадық. Шығыс антикадан басқа өзінің исламға дейінгі классикалық ежелгі мұрасын қайта жаңғыртты» – деп білдіреді де, Фирдоуси, Баласағұн, Фарабидің әдеби мұраларын талдап, зороастризмге тоқталады [6, 14-16 бб.].

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Касымжанов А.Х. Самоопределение и духовное наследие // Саясат. – 1999. – № 3. – С. 89-90.
- 2 Бірінші Қасымжанов оқулары. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 466 б.
- 3 Ақселеу Сейдімбек. Қазақтың уақыт пен кеңістік туралы дәстүрлі танымы // Ана тілі. – 1996. – 4 қаңтар.
- 4 О философской школе Казахстана / Сост. А.Х. Касымжанов. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 227 с.
- 5 Қазақ. Құрастырушы. – Алматы: Білім, 1994. – 88 б.
- 6 Касымжанов А.Х., Касымжанова С.А. Духовное наследие казахского народа. – Алма-Ата, 1991. – 89 с.

